

УДК-364.2

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ ТАРАЛУЫ

Рахымова Индира Құрметқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің М146 7М11205

1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан.

Rahimova_2017i@mail.ru

Ғылыми жетекшісі - А. Уашева

Соңғы кездері Қазақстандық мектептерде зорлық-зомбылық оқиғалары жиілеп кетті. Бұл психологиялық-педагогикалық мәселе бізде де, сондай-ақ басқа елдерде аз зерттелген. Бұрын бұл жай ғана күнделікті ауыз-екі айтылып жүрген түсінік болатын, бірақ қазір өкінішке орай, халықаралық әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық терминге айналды. Мұның артында тұтас бір әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық үлкен мәселе тұр.

Ресейлік психология ғылымында бұл тақырып В.В.Денисов, Г.Н.Киреев, А.Б.Кирюхина, В.А.Ситаров және т.б. психолог мамандардың еңбектерінде қарастырылса, ал білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық мәселелерін зерттеумен С.Алексеева, И.А.Баева, Е.В.Бурмистров, Е.Ф.Быковская, Е.Н.Волкова, Т.Г.Волкова, Е.В.Гребенкин, Н.Ф.Михайлов, Д.Пстрог, Н.О.Зиновьев және т.б ғалымдар айналысты.

Қазақстанда девианттық, яғни мінез-құлықтағы ауытқушылық іс-әрекет ретінде зорлық-зомбылық мәселесін және тәрбиесі қиын жасөспірімдер мен жетім балалардың өміріндегі салдарларды А.Ақажанова, Г.Дусманбетов және С. Шалғымбаев сияқты психолог-ғалымдар зерттеп талдады.

Мектептегі зорлық-зомбылық жағдайлары тек педагог, әлеуметтік қызметкерлер мен балалардың ата-аналарын ғана емес, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталық қызметкерлерін де алаңдатып отыр[1].

ЮНИСЕФ (Біріккен Ұлттар Ұйымының [Балалар](#) Қоры) Қазақстан деректері бойынша, Қазақстанда балалардың 66%-ы мектептегі зорлық-зомбылық пен тұрмыстық, әлеуметтік дискриминацияға, яғни кемсітушілікке ұшырайды. Сауалнамаға қатысқан

балалардың 44%-ы мектептегі жалпы зорлық-зомбылыққа тап болса, 23%-ы физикалық зорлық-зомбылық құрбаны, 20%-ы бопсалау, 27%-ы мұғалімдер тарапынан қол жұмсау сияқты физикалық жаза көрген. Бұл мәселелер тәуелсіз құқық қорғаушылар мен сарапшыларды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министріне ашық хат жолдауға итермеледі. Онда белсенділер мәселені шешу үшін барлық мемлекеттік органдардың тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі және қолданыстағы құқықтық құжаттарды ұтымды іске асыру қажеттілігін анық көрсетті. Белгілі бір дәрежеде бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу жөніндегі ведомствоаралық іс-қимыл жоспарын әзірлеуді жеделдетуге ынталандырды [2].

Сондай-ақ ЮНИСЕФ Қазақстан зерттеуі қорлау, қорқыту, бопсалау, кемсіту сияқты элементтері бар мектептердегі балалардың зорлық-зомбылықтан аман қалған жағдайда да, суицидтік мінез-құлықтың жоғары қаупіне ұшырайтындығын көрсетеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың әр түрі үнемі жарияланып отырады. Бірақ көпшілік әрдайым жалпы қорлаудың, бұзақылықтың балалар суицидімен және қоғамдағы зорлық-зомбылықтың жалпы деңгейімен байланысын көре бермейді[2].

Қазақстанда мектеп аясында зорлық-зомбылыққа қарсы алғашқы ақпараттық білім беруген «Айналайын SOS» акциясы болды. Акция белсенділері өз жұмыстарын мектептегі балалардың қауіпсіздігі туралы әртүрлі әлеуметтік плакаттар таратудан бастады. Бұл плакаттар балалардың барлық зорлық-зомбылықтан қалай, қаншалықты зардап шегетінін және салдарын көрсетті. Қорқытудың, бұзақылықтың жалпы зорлық-зомбылық жағдайларын бір-бірімен байланыстырып және бұл жүйелік және өте ауқымды мәселе екенін көрсетті[3].

Зорлық-зомбылық көрсету, бұзақылық - әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде өзіндік «табиғаты» бар құқық бұзушылық, сондықтан мегаполис немесе шағын ауылдық білім беру мекемелері болсын, мектептердегі зорлық-зомбылық көрінісінің айырмашылығы шамалы. Бұзақылық деп тану үшін келесі нақты белгілерді көрсетуге болады.

Мысалы:

- сынып бөлмесінің бұрышында біреуді қысып, қысым көрсетсе;
- ересек адам балалар тобына жақындап, ал балалар қорыққанынан үнсіз қалса, жан-жаққа шашырап қашса (кейде ересек адам сырт көзге сыр бермеу үшін қиымылын кенеттен өзгертіп, бәрі жақсы екенін көрсету үшін «жәбірленушіні» құшақтай алады);
- оқушылардың бірін басқалар мойындамай, кемсітсе (оқшауласса);
- бүкіл сынып бір оқушыға күліп, қорлап, мазақтаса;
- балаларға қорлайтын лақап аттар қойса;
- бозарып қорықса, қалтырап-дірілдесе, денесі мен бет-әлпеті көгерсе, қызыл түске боялса, көз жасы, денесінде / бетінде зорлық белгілері бар болса;
- төменгі сынып оқушылары дәретханаға баруға қорықса;
- сабақ аяқталған соң, оқушылар тарамай, мектеп ауласында біреуді күтсе [4].

Қазіргі қазақстандық мектептерде зорлық-зомбылықтың сегіз түрлі классикалық моделі жиі көрініс беріп тұр. Бұл туралы мектептегі зорлық-зомбылық саласындағы танымал зерттеуші Д. Олвеус бұзақылықты бастайтын немесе орындаушы ретінде қатысатын және жай ғана тамашалайтын оқушыларды келесідей сипаттап көрсетті:

1. Қорланған оқушы, жәбірленуші.
2. Бұзақылыққа құмар оқушы, қорлауды, бұзақылықты бастайды және басқарады.
3. Бұзақыларды қолдайтын ізбасарлары, олар қорлауға оң көзқараспен қарайды және белсенді қатысады, бірақ әдетте олар бастамашы емес және жетекші рөл атқармайды.
4. Бақылаушы-қолдаушылар, олар қорлауды белсенді және ашық түрде қолдайды, мысалы, күлкі ету немесе жағдайға назар аударту, бірақ ашық қатыспайды.
5. Бақылаушы-пассивті қолдаушылар, бұл оқушылар мазақ етуді ұнатады, бірақ жағдайға араласпай, сырттан қарап тұрады.

6. Бей-жай қарайтындар, олар қорлау, бұзақылық үрдісіне қатыспайды және белгілі бір позицияны да алмайды. Мысалы, мұндай балалар «бұл менің жұмысым емес» немесе «соңы не болатынын көрейік» деп ойлайды.

7. Пассивті қорғаушылар, бұл оқушылар қорлауды ұнатпайды және олар қорланған балаға көмектесу керек деп санайды, бірақ ол үшін ештеңе жасамайды.

8. Белсенді қорғаушылар, олар қорлауды ұнатпайды, жәбірленушіні қолдайды немесе қорланған оқушыға көмектесуге тырысады.

Сондай-ақ, көптеген оқушылар сыныпта ерекше іс-қимылымен ерекшеленбейді, бірақ сонымен бірге олар мүмкіндік бола қалған жағдайда бірден басқа балаларды жазалауға, агрессивті болуға, әлсіздерді жүйелі түрде «уландыруға» тырысады және өз заңдарын орнатуға құқық беретін ерекше екендігіне сенімді. Мұғалім сыныпты осындай тәртіпті, белсенді «көшбасшыларға» тапсырған кезде, олар епті манипуляторлар-бұзақыларға оңай еріп кетуі мүмкін.

Мектептегі 79 % тоғызыншы және 65 % бесінші сынып оқушылары зорлық-зомбылықтың негізгі себептері - зорлық-зомбылық көріністерін дұрыс қарым-қатынас сияқты, теледидар мен кинодан ашық көрсетуі деп санайды.

Бұл жастағы балалардың тобын таңдау тектен-тек емес: 5-ші сыныпта бастауыш мектептен орта буынға өту процесі жас бала үшін, педагогтардың жаңа құрамына және оқу процесінің басқаша құрылуымен байланысты, байсалды психологиялық жүктемемен түйіндеседі [7].

Жеткіншек жас баланың көптеген психологиялық проблемалары жинақталатын кез - тоғызыншы сынып оқушылары. Олар да бұл кезде ауыспалы жас санатында болады.

Ата-аналары, достары арасында өзінің нақты орны туралы сенімсіздіктер, алаңдаушылықтар пайда болады, өзіне деген сенімсіздік бірте арта бастайды. Жеткіншектер «өкпелеген», «түсініксіз» жағдайларда қалып, қиын жағдайлардан өзінің денсаулығына өте қауіпті жолдарды іздей бастайды, ересектердің тәуелділігінен қалайда босап шығуға тырысады.

Кейде тіпті ешқандай да қауіп төніп тұрмаса да, оларда өзін-өзі қорғаудың кенеттен туындаған агрессивті реакциялары пайда болады. Оқу екінші жоспарға көшеді, оқушы өзінің маңыздылығын дәлелдеуге тырысады. Сол 9-шы сыныпта жас жеткіншектің прогрессиялық кризисынан басқа да, оның алдында мектепте қалу керек пе немесе мектептен кету керек пе деген қиын таңдау тұрады [5].

Мұндай балалардың зорлық-зомбылыққа деген әлсіздігі, олардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дүмбілездігімен, сондай-ақ ересектерге қатысты, бұл - ата-анасына, қомқоршысына, тәрбиешісіне немесе мұғаліміне деген тәуелділікпен түсіндіріледі.

Өткізілген талдау топты шиеленістер мен агрессивті әрекеттерге әкелетін әлеуметтік төлқұжатын құруға мүмкіндік берді:

- ата-аналарының айырылысуы;
- ата-аналарының әлеуметке қарсы тұрмыс дәстүрі (алкоголизм, жұмыссыздық);
- жанжалдар мен агрессияға бейімділік;
- демонстрациялық және девиантты мінез-құлық;
- отбасының төмен өмір сүру деңгейі;
- үлгермеушілік, педагогтармен қақтығыстар;
- ерте жүктілік;
- достары немесе басқа да қатарластары жағынан физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық.
- Зорлық-зомбылықтың салдары:
- физикалық жарақаттар;
- суицид;

- үйден кету; қаңғыру;
- агрессияшылдық;
- қорқыныштар;
- күйзелістер;
- зиян дағдылар (алкоголь, психобелсенді заттарды ішу, темекі тарту, жезөкшелік).

Бұл ретте әр психолог немесе әлеуметтік қызметкер өзінің кәсіби қызметінде зорлық-зомбылықпен кездесуге дайын болуы керек, демек, бірінші кезекте оның диагностикасын меңгеруі міндетті. Атап айтқанда, зорлық-зомбылық, суицид және тәуелділік сияқты өте ауыр салдардың негізгі көріністерін білуі керек. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде үш жетекші факторды бөліп көрсету әдетке айналған, олардың болуы баланы зорлық-зомбылық қаупі тобына жатқызуға мүмкіндік береді[6].

Көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, жәбір көрген балалардың жарақаттану жағдайын диагностикалауда симптоматикалық көмек бере алатын, зорлық-зомбылық құрбанының психологиялық портреті болмайды.

Үкімет органдарының өкілдеріне жүгінбес бұрын, ата-аналар жағдайды алдымен сынып жетекшісімен, басқа да мұғалімдермен, оқушының достарымен және мектеп әкімшілігімен әңгімелесе отырып, шешуі керек. Осылайша, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарын талдау оны жеңудің келесі стратегиялық бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға және отбасындағы девиантты көріністердің алдын-алуды күшейтуге бағытталған мотивациялық құндылық;
- отбасының материалдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық саясатты жандандыруды, оған әлеуметтік қызмет көрсетудің кешенді жүйесін құруды, баланың жеке басының дұрыс емес әлеуметтенуінің теріс салдарларының алдын-алу бағдарламаларын әзірлеуді және бұқаралық ақпарат құралдарында;
- ювеналдық әділет, бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының мемлекеттік-құқықтық дамуы [7].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1) Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020-е годы. URL: http://www.akorda.kz/en/category/gos_programmi_razvitiya (дата обращения: 20.04.2014).

2)Ресми статистка мәліметтер:

<https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/есептер/мектептердегі-балаларға-қатысты-зорлық-зомбылықты-бағалау>

3) Научная статья «Науки об образовании»Социально-психологические аспекты работы психолога с буллингом в казахстанской школе <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialno-psihologicheskie-aspekty-raboty-psihologa-s-bullingom-v-kazahstanskoy-shkole>.

4) Быковская Е. Ф. Педагогическое насилие: теория и практика // Философия образования. 2006. № 1 (14). С. 221–229.

5) Волкова Е. Н. Система защиты детей и подростков от насилия и жестокого обращения // Социальная педагогика. 2007. № 4. С. 77–79.

6) Дусманбетов Г. А., Шерьязданова Х. Т. Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков. Алматы: Казахский государственный женский педагогический институт, 2003. 110 с.

7) Буллинг — школьное насилие. Форум [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.psychforum.ru/archive/index.php/t-4302.html> (дата обращения: 04.12.2015)